

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 385-387

## **ҰЛПАЛЫ ПРЕПАРАТТЫҢ ФИЗИКО-ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ**

*Жумабекова Ш.Қ.*

Т.Ж. Әбдірахмановтың 20 жылдан астам уақыт жүргізген зерттеулеріне сүйенер болсақ (1990-2010 ж.ж.) Ақмола облысы шаруашылықтарында эндометриттер кең тарап, 30% және одан жоғары деңгейді қамтиды. Осыған орай эндометриттердің алдын - алу шаралары уақытылы жүргізілмеу нәтижесінен шаруашылықтарда сиырлардың эндометритке шалдығуы жоғарлағаны баяндалған [1].

Жатыр қабынуына әртүрлі факторлар себеп болады, бірқатар ғалымдар туудан кейінгі эндометриттердің негізгі себептерінің бірі малдарды дұрыс азықтандырмау мен ұстау болып табылады, олар зат алмасуын бұзады. Сондықтан, органикалық байланыстар мен микроэлементтер кешені ретіндегі гемовит - плюсті пайдалануды ұсынады. Бұл препарат эндометриттің алдын алуға көмектеседі (Д.Пчелников, В.И. Дорожкин, В.А. Бабби).

Эндометриттің жіті түрін емдеуден кейін, клиникалық белгілеріне қарап емдеуді тоқтатса, әдетте эндометриттің жасырын түріне ауысады. Бірнеше ғалымдардың мәліметтері бойынша оның 19,86% - дан 30,0% - ға дейін көтерілгені тіркелген, сонымен қатар ұзақ бедеу болған сиырларда 57,5-76,7%-ға дейін кездескен [2].

Эндометриттер этиологиясына қарамастан жануарлар 6 айға дейін бедеу болып қалады, ал кейбір жануарлар организмінде қайтымсыз өзгерістер бой алады [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары 2015 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Физика және химия» кафедрасының «Биологиялық белсенді заттарды физика химиялық зерттеу әдістері» ғылыми зерттеу зертханасында, «Ветеринарлық медицина» кафедрасының биохимиялық зертханасында орындалды.

Ұлпалы препаратты жыныстық жағынан жетілген сау сиырдың жатырынан дайындадық. Дайындау әдісі ретінде «Ветеринарлық медицина» кафедрасының ғалымдары ұсынған әдіс қолданылды.

Ұлпалы препараттың құрамындағы аминқышқылдарды анықтау мақсатында, әртүрлі химиялық реагенттерді пайдаланып, бағаналы хроматография әдістерін қолдандық. Ұлпалы препараттың биохимиялық құрамын «BioChem FC-200» биохимиялық анализаторымен анықталды.

1-кесте. Ұлпалы препараттың құрамындағы анықталған аминқышқылдары

| Р/с | Аминқышқылдар атауы | Аминқышқылдар көрсеткіші | Ұлпалы препараттағы аминқышқылдар |
|-----|---------------------|--------------------------|-----------------------------------|
| 1   | Аспарагин           | 0,23                     | ---                               |
| 2   | Глутамин            | 0,25                     | ---                               |
| 3   | Лизин               | 0,30                     | ---                               |
| 4   | Гистидин            | 0,36                     | ---                               |
| 5   | Аргинин             | 0,43                     | ---                               |
| 6   | Триптофан           | 0,56                     | ---                               |
| 7   | Треонин             | 0,59                     | ---                               |
| 8   | Аланин              | 0,61                     | 0,61                              |
| 9   | Серин               | 0,62                     | ---                               |
| 10  | Аспаргил қышқылы    | 0,68                     | ---                               |
| 11  | Цистеин             | 0,70                     | 0,70                              |
| 12  | Глутамин қышқылы    | 0,75                     | 0,76                              |
| 13  | Валин               | 0,81                     | ---                               |
| 14  | Метионин            | 0,93                     | 0,92                              |
| 15  | Изолейцин           | 0,95                     | ---                               |
| 16  | Лейцин              | 0,98                     | ---                               |
| 17  | Фенилаланин         | 0,99                     | ---                               |

1- кестедегі мәліметтерде ұлпалы препарат құрамында аланин, аспаргил қышқылы, глутамин қышқылы, метионин аминқышқылдарының кездесетіндігі көрсетілген.

2- кесте. Ұлпалы препарат құрамындағы биохимиялық көрсеткіштер

| Р/с | Көрсеткіштер атауы            | Көрсеткіштер нәтижесі | Өлшем бірлігі |
|-----|-------------------------------|-----------------------|---------------|
| 1   | Жалпы ақуыз                   | 6                     | г/л           |
| 2   | АЛТ/аланинаминотрансфераза/   | 1                     | ӨБ/л          |
| 3   | АСТ/аспартатаминотрансфераза/ | 1                     | ӨБ/л          |
| 4   | Жалпы билирубин               | 0,00                  | Мкмоль/л      |
| 5   | Тікелей билирубин             | -0,2                  | Мкмоль/л      |
| 6   | Магний                        | 1,3                   | Моль/л        |
| 7   | Кальций                       | 0,4                   | Моль/л        |
| 8   | Креатинин                     | 270                   | Ммоль/л       |
| 9   | Зәр қышқылы                   | 257                   | Ммоль/л       |
| 10  | Глюкоза                       | 0,5                   | Моль/л        |
| 11  | Холестерин                    | 0,2                   | Моль/л        |
| 12  | Несеп азоты                   | 2,0                   | Моль/л        |
| 13  | Сілтілі фосфатаза             | 7                     | ӨБ/л          |

2- кестедегі мәліметтерде ұлпалы препарат құрамынан анықталған биохимиялық көрсеткіштер көрсетілген.

Қорытынды

Қорытындылай келе, сиыр жатырынан дайындалған ұлпалы препараттың құрамынан алмаспайтын метионин амин қышқылдары және алмасатын глутамин, аланин, цистеин алмаспайтын амин қышқылдары болатындығы анықталды. Сонымен қатар кейбір биохимиялық көрсеткіштер анықталды. Олар организмге жалпы әсер ете отырып, организмнің резистенттілігін жоғарлатуға көмектеседі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов Т.Ж. //Дисс. ... докт. вет. наук. Саратов. 2002. С.51-52.
2. Aniulis E. Karriuendometritogydymas antimicrobinialis preparatis proteolizini alis fermentatis // Vet.-Vilnus -1991. №20.- p. 3-7
3. Панков Б.Г. Технология профилактики патологических родов и послеродовых заболеваний у коров на молочных фермах. //Московская вет. академия.–М., 1994. -28 с.
4. Ж.Ө. Кемешов Сиырлардың іріңді катаралды эндометритін емдеу үшін ұлпалы препаратты қолдану Дисс. Жұмыс авторефераты, Астана, 2007.

*Жетекшісі: Әбдірахман*